



Теңге құнсызданған бойда отандық қаржылық нарықты әбiгерге салып, адамдар көңiлiне алаң кiргiзген жайт болды. Ол – елiмiздегi үш банктiң банкротқа ұшырау қаупi туралы таратылған жалған ақпарат. Қаржыға қатысты тосын жайттардан көңiлi шайлығып қалған жұрт жаппай банктерге ұмтылып, депозиттерiн тезiрек алып кетуге жанталасты. Бірақ қаспi банк ұжымы салымдарының қауiпсiздiгiне алаңдаған клиенттерiн сабырға шақырып, өзiне артылған сенiмiн ақтай бiлдi. Кез келген кәсiпорынның қауқары мен қарым-қабiлетi осындай сын сағаттарда анықталса керек. Бүкiл Қазақстан халқын аяғынан тiк тұрғызған сол арандатушылық әрекеттiң керi әсерiн небары 72 сағаттың iшiнде жоя бiлген қаспi банктiң басқарма төрағасы Михаил ЛОМТАДЗЕ отандық қаржы саласы, банктердiң бүгiнгi ахуалы, арандатушылық әрекеттiң себеп-салдары туралы әңгiмелейдi.



жеткiзген әрбiр компанияны көре алмайтын, оған зиянын тiгiзгiсi келетiн адамдар тобы пайда болады», – деген екен. Өз басым «бәрi менi жақсы көрiсн немесе бiздi ұнатсын» дегендi мақсат еткен емеспiн. Ен бастысы, өзара сыйластық, шынышдылық, әдiлдiк, сенiмдiлiк, достар мен жұмысты жақсы көру сияқты ұстанатын адамгершiлiк қағидалардан ауытқымауымыз керек. Өлбетте, кешегi сындарлы шақта бiз қаспi банк командасы ұстанатын адамгершiлiк қағидалардың арқасында жеңiске жеттiк әрi бұл бiздi одан сайын жақындастыра түстi. Арандатушылық ақпараттағы банктер тiзiмiне қаспi банк негe iлiктi? Өйткенi қаспi – табысты мекеме, белсендi түрдe үздiксiз дамып келедi, қоғамдағы беделi де нығая түскен. Банктiң көркейтiнiн қаламаған бiрi терiсiңгiлi зиянын тiгiзгiсi келдi. Олардың кiм екенi, қалай пайда болғаны қазiр анықталу үстiнде. Құқық қорғау органдары көп кешiкпей жауабын бередi деген үмiттемiн.

– қаспi – клиенттер сенiмiне кiрген банк. Оған дәлел – қазiр 3 миллионнан астам клиентi бар. Бірақ кешегi қауесетке сенiп қалғандар

көiнiна қысып алып, шекара сыртына қарай қашатындарға етiмiз үйренген... – Бiлесiз бе, мен үзiлемде тұратын адаммын. Екi сөйлеуге жаным қас. Әрi Қазақстан – менiң екiншi Отаным. Жетi жылдан берi Қазақстанда тұрамын және қаспi банктiң iреттiсiне бiрге қаласып, бiрге тер төгiп келе жатқан достарымды, бiзге сенiм арқан отбасылар, достарым, клиенттер мен таныстарымды жерге қарату, сағып кету – мен үшiн өлiммен тең. Таңертең үйден шығарда, кешке жұмыстан келгенде балаларымның көзiне тiк қараған сәтте мен өзiмнiң жұмысымды мақтан етемiн. Адамгершiлiк құндылықтарға қайшы қылықтарға бару – менiң табиғатыма жат нәрсе. Иә, күшiмiз бен бiрлiгiмiз сынга түскен сол сәттерде бiз ұшақтар iздeдiк. Бірақ қашып кету үшiн емес, Қазақстанның түкiп-түкiпiндегi қаспi банктiң бөлiмшелерiне ақша жеткiзiп, клиенттердiң қалауын орындау үшiн. Тағы бiр мысал, бiздiң бөлiмше орналасқан iрi сауда орталықтарының бiрi жұмыс уақыты бiткенiн айтып жабылуға дайындалып жатқанда, бiз

болды. Үшiншi күнi депозиттерiн алуға келгендiң 30-40 пайыз ойларынан айнып, депозиттегi салымдарына тиiспестен, шығып кеттi. Кейiн абыр-сабыр басылған соң клиенттерiмiз қайтып келуде. Ақша сақтау өте ыңғайлы әрi сенiмдi болғандықтан әрi кешегi сынақтан кейiн қайтып келетiнiне және олармен бiрге жана клиенттер келетiнiне сенiмдiмiз. Өйткенi қаржылық тұрақтылық, төзiмдiлiк пен тапқырлық, бiлiмдiлiк пен ауызбiрiшiлiк, клиенттерге жоғары деңгейде қызмет көрсету қолымыздан келдi. Оған жұртшылық өздерi көз жеткiздi.

– Депозиттерiн қозғамған, анығы қаспi банк-ке сенген салымшыларға алғыс ретiнде депозиттiк мөлшерлемесi 1 пайызға арттырылды. Мұндай жомарттығы клиенттер қалай бағалады?

– Жағдайды тұрақтандыруға тырысып жатқан кезде бiзге қолдау бiлдiрген мыңдаған хаттар келдi. «Жiгiттер, жарайсындар! Бiз сендерге сенемiз!» деген жылы лебiздi серiктестерiмiздiң, достарымыз бен клиенттерiмiздiң көп естiдiк. 72 сағат өттi, жағдай тұрақтанды, ендi бiз қолдау көрсеткен сол жанашыр жандарға қалай алғыс бiлдiру керектiгiн қарастыра бастадық. Ойлана келе, 300 мың клиентiмiзге депозиттiк мөлшерлеменi 1 пайызға көтеруге шешiм қабылдадық. Қазiр орташа мөлшерлеме 9-9,4 пайыз. Екiншiден, депозиттерiн алуға келгендердiң кесiрiнен несiнен уақытлы төлей алмағандардан өсiмақыны алып тастадық. Өйткенi зекеттiң тым көп болуы олардың кiнәсi емес қой.

– Арандатушыларды тапқан азаматтарға тағайындалған 100 миллион теңге кiмге бұйырмақ?

– Қазiр қолымызда мыңнан астам хат бар. Олардың барлығын сүзiпкөп өткiзiп жатырмыз. Қайсысы шындыққа сәйкес келедi, қайсысының көмегi көптеу деген мәселенi сараптаймыз. Әрi құқық қорғау органдары да арандатушыларды құрыққа түсiрiп, ендi тексеру, тергеу амалдарын жүргiзуде. «Арандатушылық ақпаратты таратқан, тапсырыс берген, мүдделелер кiмдер?» деген сұрақтарға жауап iздеудемiз. Осы орайда, бiз құқық қорғау органдарының қызметкерлерiне алғыс айтамыз. Әрiне, елдiң, азаматтардың мүдделсiн қорғау – олардың мiндетi. Осы мiндетiң құқық қорғаушылар «дағдарыс» кезiнде өте жоғары деңгейде орындады. Қазiр олармен өте тығыз жұмыс iстеп жатырмыз.

– Сынга түскен шақтарда сақтарыңыз сыбысаып! Еңбектерiңiз жемiстi бола берсiн. Әңгiменiзге рахмет!

«КЛИЕНТТЕРДIН ҚАЛАУЫ БИЗ ҮШIН ЗАҢМЕН ТЕҢ»

– Михаил, девальвациядан есегiнiрiп қалған ел есiн жинап үлгермей жатып «Қазақстандағы ең iрi 3 банктiң банкротқа ұшырауы мүмкiн» деген қауесет адамдарды әбден әбiгерге салды. Арандатушылық ақпарат сiз басқаратын қаспi банк-ке де қатысты. Бірақ бiздiң қаржылық құрылымдар тосын жайтқа тез тойтарыс бере бiлдi, жағдайды тез тұрақтандырды. 72 сағатты бiр еске түсiресек және қазiргi ахуал қалай?

алғашқы сәтте-ақ бiз клиенттерiмiздiң қалауын бiрiншi орынға қойдық. Салымшыларымыздың депозиттегi қаражатын көңiлi қалаған уақытында алып кетуiне жағдай жасадық. Қарапайым қызметкерлермен қатар, банк басшылары да бөлiмшелердi аралап, адамдармен жеке-жеке

«Бiр сұхбатыңызды бөлiмшелерге қаражат жеткiзу қиын болғанын айтып қалдыңыз...»

– Иә, ондай қиындықтар болды. Өйткенi елiмiздiң көлемi ауқымды. Қорымыздағы қаржы жетедi, тек төлiмдерi арқылы салымшылардың сұранысын қанағаттандыру үшiн уақыт тапшы болды. Бөлiмшелерге бағыттайтын ақша көлемiн 5 есеге дейiн арттыруға тура келдi. Үш күн, үш түн бойы жармақ құлақтары жасыққа тимей, тынымсыз ақша тасумен болған инкассаторларымыз тiптi, ұйықтаған жоқ десе де болады.

– Әлемдiк тәжiрибеде мұндай дағдарыста жұмыс уақыты қысқартылады, алынатын қаражат көлемiне шектеу қойылады. Сiздер неге олай етпедiңiздер?

– қаспi банк-тiң iреттiсiн қалаған сәттен-ақ бiз үшiн басты құндылық – клиенттерiмiз. Қауесет елге тарап, жұрт абыр-сабыр бола бастаған

әңгiмелесiп, қызмет көрсеттi. Банкке келген бiрде бiр клиенттi назардан тыс қалдырмау үшiн жұмыс уақытын ұзарттық. Күннiң суықтығына қарамастан, кезек күтiп далада тұрған клиенттер бой жылыту үшiн әрi үзiлiссiз жұмыс iстеп жатқан қызметкерлерiмiзге арнап ыстық шай мен кофе ұйымдастырдық. Яғни, бiздiң өз «өлшемдерiмiз» болды.

– Бiр сұхбатыңызды бөлiмшелерге қаражат жеткiзу қиын болғанын айтып қалдыңыз...»

– Иә, ондай қиындықтар болды. Өйткенi елiмiздiң көлемi ауқымды. Қорымыздағы қаржы жетедi, тек төлiмдерi арқылы салымшылардың сұранысын қанағаттандыру үшiн уақыт тапшы болды. Бөлiмшелерге бағыттайтын ақша көлемiн 5 есеге дейiн арттыруға тура келдi. Үш күн, үш түн бойы жармақ құлақтары жасыққа тимей, тынымсыз ақша тасумен болған инкассаторларымыз тiптi, ұйықтаған жоқ десе де болады.

«ҰЙЫМШЫЛ ҰЖЫМЫМА АЛҒЫСЫМ ШЕКСiЗ»

– қаспi банк командасы «дағдарысты» небары 3 тәулiкте тоқтатты. Мұны сыры не?

– Бiрiншiден, қаспi банк қызметкерлерiнiң жұмыла жұмыс iстеуiнен деп ойлаймын. Өдетте, төтенше жағдай жарияланып, дағдарыса қарсы күрестi бекiтетiн штаб құрылады, ұрымтал сәттi аудитiндарға тойтарыс берудiң тiмдi жолдары қарастырылады. Бірақ бiз олай етпедiк. қаспi банк-тiң бас ғимаратында отыратын басын лауазымдағы барлық қызметкерi: «Бiз клиенттерiмiздi ешкiмге ренжiтпiрмеймiз. Бөлiмшелерге барып, олармен бетпе бет кездесемiз, жағдайды түсiндiрмiз, көңiлдерiндегi күдiктi сейiлтеемiз», – деп ортақ iске барлығы билек сыбана кiрiстi. Олардың арасында қолында Гарвард университетiнiң дипломы бар қаржылық директорларымыздан бастап, кенсе заттарын қамтамасыз ететiн қызметкерлерiмiзге дейiн жұмыла үлес қосты. Егер бiр клиенттерiмiз қараңғыда қалса, оларды жеке көлiктерiмен үйлерiне дейiн апарып тастады. Депозиттен алған ақшасымен жалғыз-жарым көшеде жүрiп қауiптi ғой. Екiншiден, күдiкпен қорқып, олардың арқасын қызметкерлерi желелi iздеу жұмыстарын ұйымдастырып, ол еңбектерi нәтижелi болды. Бүкiл елдi аяғынан тiк тұрғызған арандатушылар құрықталды. Үшiншiден, Елбасы

қаржылық тұрақтылықтың кепiлi ретiнде ресми түрде мәлiмдеме жасап, елдiң көңiлiндегi күдiгiн сейiлттi. Ең шешушi рөл атқарған да Президенттiң осы мәлiмдемесi. ҚР Ұлттық банкi де өз тарапынан үздiксiз байланысқа шығып, белсендi түрде насихат жұмыстарын жүргiздi де жұртқа жағымды әсер еттi. Сондай-ақ бұл арандатушылардың әрекетiне алданбаған, сабыр сақтаған клиенттерiмiздiң де түсiнiгiнiң нәтижесi. Менiң банк клиенттерiне риза болатыным, олар бiздiң еңбегiмiздiң бағасын бiлдi.

– Михаил, бұл оқиғаны көршi елдегi мүдделi тұрғындар немесе топтар тарапынан жасалған қастандық деген пікірлер айтылып жүр. Сiзiң ойыңызды бiлесек?

– Бiлесiз бе, «Кiм? Не үшiн? Қайтпi?» деген сұрақтарға қатысты айтылған болжамдар шексiз. Бүгiнде мәселенiң анық-қанығын анықтау жұмыстарымын құзырлы органдар айналысып жатыр.

– қаспi банк – тұрақты түрде дамып келе жатқан қаржылық құрылым. Еңлесе неге банкроттық туралы қауесетке iлiктi. Неге басқа банктер емес?

– Стив Джобс «Apple» туралы айтқан бiр сөзiнде: «Табысқа қол

кездестi. Депозиттегi салымдарын тезiрек алуға тырысқан да олар. Сiзiңше, бұл нешiң әсерi?

– Арандатушылық ақпараттың белгiсiз бiреулер тарапынан ұйымдастыруы туралы сұрадыңыз ғой жана. Менiңше, бұл алдың ала жоспарланған әрекет. Теңгегiң құны төмендедi, адамдар банкке, ақшаға қатысты кез келген нәрсеге аса сактықпен қарап отырған кез. Осыны пайдаланғандар «банктердiң банкротқа ұшырауы мүмкiн» деген жалған ақпаратты таратып, жағдайды одан сайын ушықтыра түстi. Егер девальвация болмағанда, арандатушылық әрекетке назар аударғандар саны тым аз болуы мүмкiн едi. Әрi тiзiмдегi үш банк үш түрлi: бiрi – консервативтi құрылым, екiншi – әрқашан тұрақтылығымен ерекшеленген банк, ал үшiншiсi – қаспi банк: табысты еңбек етiп келе жатқан, қаржылық тұрғыда қиындығы жоқ, тұтынушыларға жана өнiмдер мен жобалар ұсынуға аса белсендi.

«ҚАЗАҚСТАН – МЕНIң ЕКIНШI ОТАНЫМ»

– Сiз Қазақстан азаматы емессiз. Ақшаны алып, елiңiз неге тайып тұрмадыңыз? Бiз мол қаржыны

керiсiнше, соңғы клиентiмiз қалғанша қызмет көрсету үшiн жұмыс уақытын созыған едiк. Мәселенi тез шешу үшiн сауда орнының несiн iздеп, одан ғимаратты жаппауды өтiндiк. Балкiм бiреулер керiсiнше, салымшылар депозиттерiн алып кетпес үшiн сауда орнының иелерiнен ғимаратты тезiрек жауып тастауды өтiнер ме едi? Сосын бар кiнәсi сол сауда орнына аудара салады. (Күлелi).

– қаспi банк 3 күнде қанша пайыз депозиттен айырды?

– Бiздiң есебiмiзше, шамамен алғанда, 10 депозиттiң 9-ы бiзде қалды. Қазiр нақты есеп жүргiзiлуде.

– Бүгiнде банкке қайта оралған клиенттер бар ма?

– Кешегi аласапыранда жиi кездескен жайттардың бiрi – адамдар кезекке тұрады, ақшасын алады, қолына ұстап көредi де, банкке қайта салады. Яғни, банкке сенiп тапсырған қаражатының қауiпсiздiгiне толық көз жеткеннен кейiн депозитте тиiспейдi, көңiлiн жапын алады да, үйiне қайтады. Ең бастысы, ақша орнында. Арандатушылыққа ұрынғандар салымдарын керi алуға жанталасып жатқанда, керiсiнше, банкке келiп, депозитiн толтырғандар

төнген қауiптен сақтану үшiн кеткенiн айтады.

Путин де, Янукович те (ауызша мәлiмдемелерiне қарағанда) Қырымның Украина құрамында калуын қолдайды. Өйтсе де, Януковичтiң айтуынша, Ресей Украинада бейберекеттiздiктi, террорды тоқтатауға араласып тiс.

Баспасөз мәслихатында Виктор Янукович Киевтегi қазiргi билiкте отырған адамдарды «дұшпандар, фашистiк өскiндер» деп атаған болатын.

Ал Путин осыдан кейiн үш күннен соң «...Бiздi ең қатты мазалайтын нәрсе не? Бiз қазiр Украинаның кейбiр аймақтарында, оның iшiнде Киевте де неонацистердiң, ұлтшылдардың, антисемиттердiң сайран салғанын көрiп отырмыз... Осыларды көрiп отырып, бiз Украина азаматтары алаңдататын не екенiн түсiнiмiз – орыстардан да, украиндықтарды да, жалпы, Украинаның шығыс және оңтүстiк аймақтарында тұратын орыстiлдi тұрғындарды да. Оларды осындай шектен шығу оқиғалары алаңдатады. Егер бiз шығыс аймақтарда осындай шектен шығу оқиғалары болғанын көрсек, егер адамдар бiзден көмек сұраса, ал қазiргi легитимдi президенттiң үндеуi бiзде бар, сонда бiз қолымыздағы бар күштi бұл азаматтарды қорғауға жұмысқа құқылымыз. Бiз оны легитимдi әрекет деп санаймыз. Бұл шетiн жағдай болмақ» дедi.


Симферопольден жеткен соңғы хабарларға қарағанда, Қырым Парламентi 25 мамырда автономияны құзiреттерiн кенетiп жөнiнде референдум өткiзу туралы шешiм шығарды. «Кеңейтiлген автономия» туралы бұған дейiн Янукович айтқан болатын. Сондай-ақ Қырым Парламентi Қырым Үкiметiн отставкаға жібердi.

Ал Украинаның Орталық сайлау комиссиясы Қырымда референдум өткiзуге құқықтық негiз жоқ деп мәлiмдедi. Жалпы, 25 мамырда Украинада президент сайлауы мен Киев әкiмшiлiгi басшысының сайлауы өтуi тiс...

Гүлбiгаш ОМАР

Саясат сахнасындағылардың назары Симферопольге ауды. Қырым – екi елдiң арасындағы бұрыннан келе жатқан жер дауы ғана емес, ендi ол ғаламдық геосаясаттың құралына (әлде ойыншығына?) айналды. Аузы дуалы саналғанның бәрi Украинадағы ахуалға байланысты ой айтып, көзқарас бiлдiрiп жатыр. Жаһанданудың бiр артықшылығы да осы – бұрын Жер шарының бiр түкпiрiнде болып жатқан оқиға тек географиялық, яғни территориялық-аймақтық сипатқа ие болса, қазiр ғаламдық ортақ ақпараттық кеңiстiк және әлемдiк сауда-экономикалық сабақтастық тұрғысынан қарастырылады. Ғаламтор ешбiр жағдайды жасырып-жабуға болмайтындай жағдай туғызды. Ендi құрсаулау мен бүркемелеу арқылы шындықты жасырып тұру мүмкiн емес.

Украинадағы Қырым түйткiлi әлемдiк геосаясаттағы Ресейдiң ролiне әсер етуi мүмкiн. Кремль бұған дейiн ешкiмнен ақылдаспай, бұрынғы кеңестiк кенiсiкте өз бетiнше әрекет етiп келсе, ендi бұрынғының көзден бұл-бұл ушканын мойындауы тиiс. Сеiсенбi күнi Ресей президентi Владимир Путин шетелдiк және жергiлiктi ақпарат құралдары өкiлдерi Ново-Огарево резиденциясына жинап алып, Қырым мәселесiне қатысты өз ұстанымын ашық айтуға мәжбүр болды. Мәжбүрлiк емей немене, қырықтан астам сұраққа жауап беру үстiнде Путин Ресейдiң Қырымды Украинадан бөлiп алу ниетi жоқ екенiн айтып, ақталумен болды. Путиннiң бұл жауабы журналистермен кездесуiн баспасөз мәслихаты деп қана емес, сұхбат-монолог деп те атауға болаар. Тақырып бiреу – Украина болғандықтан, барлық сұрақтар осы елдегi жағдайға байланысты қойылды. Путин әуелi алты сұрақты тыңдап алып, оларға үзiн-сонар жауабын бердi. Президенттiң монологы алдың-ала жазылып, дайындалып, сұрыпқа түскендiгiнде түсiнiктi. Әуелi Кремльдiң Украинадағы саяси жағдайға деген ресми ұстанымы туралы. «Оған берiлетiн баға бiреу-ақ», – дедi Путин, – бұл антиконституциялық төңкерiс және билiктi күшпен басып алу. Оған ешкiм дауласпайды». Путин соңғы кезде телефон арқылы Украина мәселесiн көп талқылағанын айтып қалды. Ақ Үйден жеткен ресми хабарға қарағанда, Обама мен Путиннiң



оны енгiзетiндер ойлауы тиiс. Менiңше, қазiргi кезде, яғни бәрi бiр-бiрiмен тығыз байланысты әрi бiр-бiрiне тәуелдi болған әлемде, әрiне, бiр-бiрiне қандай да бiр зиян тигiзуге болады, бiрақ бұл өзара келетiн зиян болмақ, олар бұл туралы да ойлануы керек» дедi ол.

Өйтсе де, АҚШ пен кейбiр бiзге мемлекет басшыларының Үлкен Сетiздiк саммитiне келмей қалу қауiпiне берген Путиннiң жауабы көмiптiке өкпелеген балаңыз сөзiндегi естiлдi. «Бiз «Сетiздiк» дайындалып жатырмыз, бiз әрiптестерiмiздi күтiп алуға дайын боламыз. Ал олар келгiсi келмесе – келмей-ақ қойсыңдар қатысты».

Путинге бұл жолы бiр ғана тақырыпқа шамамен 45 сұрақ қойылған. Бірақ Кремль басшысының жауаптарында қойылған сұрақтар да аз емес. Путин жасаған мәлiмдемелерде «Неге? Не үшiн?» деген мазмұндағы сұрау есiмдiктерi өрiп жүр. Құдды Ресей президентi әлдекiмге көеiнiндегi күдiктi айтып, арлығысы келгендей...

Мысалы, баспасөз мәслихаты кезiнде Путин «Не үшiн?» («Зачем?») деген сұрақты 8 (!) рет қойған. Осы әңгiме-дүкен барысында ол «Неге?» («Почему?») деп 4 рет, «Не үшiн?» («За что?») деп бiр рет сұраған.

Путиннiң ең өткiр сұрағының бiрi – «Менi осы сұрақ мазалайды: не үшiн? Мен түсiнiңiз келсiң: мұндай әрекет не үшiн iстелдi?» («Ведь я задаюсь этим вопросом: для чего? Я хочу понять, зачем это сделано?»).

Шындағында, Путиннiң сегiз рет «Не үшiн?» деген сұрағы бiр ғана мазмұнда саяды: Бiреулердi тұқыртып, өз күшiн көрсеткiсi келдi ме? Менiңше, бұл ақмақтың тiрлiгi. Олар өздерi күтпеген нәтижеге тап болған сияқты, себебi осындай әрекеттермен Украинаның шығысы мен оңтүстiк-шығысын тiптiреттi».

Путин Украинадағы жағдайдың алғышарттары туралы алдың-ала дайындап жекпен жауабын былай деп жеткiздi: «Менiңше, мұндай революциялық жағдай баяғыда-ақ, Украина тәуелсiздiк алған алғашқы күндерi-ақ қалыптасқан едi. Қарапайым украиндық азамат, қарапайым украиндық мұжық Кашпер Николай кезiнде де, Қривчук кезiнде де, Ющенко кезiнде де, Янукович кезiнде де азан шеккен. Жасарған ештеңе жоқ, ешқандай өзгерiс жоқ... Жалпы аяңда, халық, әрiне өзгерiстердi тiлдi, бiрақ зансыз өзгерiстерге жол беруде болмайды».

Путиннiң Украинадағы жағдайға байланысты жасаған талдауында екi елдi салыстыру ниетi анық байқалды. Иә, Ресейде де жағдай қиын, бiрақ Украинадағы жағдай одан да қиын деген саяды.

Бiр-екi мысал:

«Сыбайлас жемқорлықтың ушыққаны соншама, тiптi Ресейдiң өзiнде ондай көлемге жеткен емес. Белгiлi бiр адамдардың қатты байып, қоғамда ыбардарың пайда болып, бiзде де мұндай келеңсiздiктер бар екенi белгiлi, бiрақ Украинада тiптi асқынған теккен. Түсiнiсiңдер ме, онда тiптi шектен шыққан» (Украинадағы сыбайлас жемқорлық туралы);

«Олар бiр аялақтарын орнына екiншi бiр аялақтар мен құлар келетiнiне бой үйреткен» (Украинадағы саяси билiктiң ауысуына қатысты);

«Ал аймақта тұратын адамдар, тiптi, аймақтық билiктi сайлауға қатыспайды да. Бiзде де аймақтық билiкке Президент ұсынған адамдарды ежелген жетпей болған, бiрақ бiзде жергiлiктi Кеңес оларды бекiтетiн едi, ал олар тiкелей тағайындайды. Бiз қазiр сайлауды енгiздiк, ал онда оның iсi де жоқ» (Украинадағы сайлау туралы);

«Бiзде де, яғни Ресей-

де де түйткiлер көп, бiздегi көп келеңсiздiктер ұқсағанымен, ондайыдай асқынған емес. Қараңызшы, Ресейде жан басына шаққандағы орташа табыс 29 700 рубль болса, Украинада рубльге шаққанда, менiңше, 11 900. Үш еседей аз. Бiздегi орташа зейнетақы 10 700 рубль, ал Украинада рубльге шаққанда 5,5 мың рубль. Екi есе аз». (Екi елдiң әлеуметтiк-экономикалық ахуалы туралы).

Яғни, Кремль бiр жағынан, көршi болса да тәуелсiз, егемен мемлекеттiң iшкi iсiне араласу әрекетiн осылайша ақтаса, екiншi жағынан өз азаматтарына «көршiге қарап, өз жағдайына шүкiршiлiк ету» деген мазмұнда үндеу жолдайтын сияқты.

Путин Кремльдiң ХХI ғасырдағы идеологиясынан хабар бердi. «Одан әрi. Мен сiздерге былай дермекшiмiн: Украина – бiздiң жакын көршiмiз ғана емес, шын мәнiнде оны бiз көршiлесе бауыр-бiр республика деп санаймыз, осылай санағанбыз және осындай пiкiрде бола беремiз де».

Одан әрi Путин ақтала бастады. «Әскердi кiргiзуге қатысты, әскердi пайдалануға қатысты. Өзiрге оған қажеттiлiк жоқ. Бiрақ ондай мүмкiндiк бар. Айтқашы, бiз жакында өткiзген әскери ойындардың Украинадағы оқиғаларға ес қатысы жоқ. Бұл шара әлдеқайда ертеректе жоспарланған болатын, бiрақ хабарланбаған едi, себебi бұл әскери бөлiмшелердiң сүйет жағдайға дайындығын тексеру мәселесi».

Путин болжам да айтты. «Қарулы күштердi қолдануға не себеп болуы мүмкiн? Ол, әрiне, шектен шыққан жағдай, өте шетiн жағдай. Бiрiншiден, легитимдiкке қатысты. Бiзде Украина президент Януковичтiң, мен бұған дейiн айтқандай, қазiргi және легитимдi президенттiң Украина азаматтарының өмiрiн, бостандығын және денсаулығын қорғау үшiн Қарулы күштердi қолдану туралы тiкелей үндеу бiр екенi сiздерге белгiлi».

Путин сес көрсеттi. «Ендi Қырымға қаржылық көмек беруге қатысты. Бiзден гуманитарлық көмек сұраған Қырымға қажеттi көмек беру үшiн Ресей Федерациясының аймақтарын ұйымдастыруға қатысты шешiм қабылданғанын бiлесiздер. Өлбетте,

бiз көмек беремiз. Қанша, қашан, қандай қаржы көздерiнен екенiн мен айта алмаймын, онанмен Үкiмет айналысып жатыр».

Дегенмен, Путин қатесiн мойындады. «Тағы да бiр ой айтқым келдi. Әрiне, менiң қазiр айтағым, менiң құзырыма еш кiрмейдi, бiз араласпаймыз да. Бірақ, бiздiң ойымызша, Украинаның барлық азаматтарына, олардың тұрғылықты мекенiне қарамастан, осы мемлекеттiң өмiрiне қатысуға және оның болашағын айқындауға атсалысуға жалпыға бiрдей құқық берiлуi керек».

Ақыры Путин өзiнiң кейбiр сұрақтарына өзi жауап бердi. «Бүгiнгi билiк заңды ма? Парламент – iшiнара солай шығар, қалғанының бәрi – жоқ, заңды емес, ал президенттiң мiндетiн атқарушыны заңды деп айтуға мүлде болмайды, онда ешқандай легитимдiк жоқ. Заңды тұрғыда бiр ғана легитимдi президент бар. Әрiне, оның қолында ешқандай билiк жоқ. Бірақ мен бұл туралы бұған дейiн айтқаным, тағы да қайталайын: заңды тұрғыда жалғыз легитимдi президент, даусыз, Янукович қана».

Жалпы, Украинадағы бүгiнгi жағдайға қатысты Путиннiң пiкiрi Виктор Януковичтiң 28 ақпанда Ростов-на-Дону қаласында өткен баспасөз мәслихатында жасаған мәлiмдемесiмен сәмiмiндас. Тiптi, бiрiншi аузына бiрi түкiрiп қойғандай.

21 ақпанда президент Янукович Польша, Германия, Францияның министрлерiнiң және Ресей президентi өкiлiнiң қатысуымен оппозиция өкiлдерiмен келiсiмге қол қойған едi. Путиннiң сөзiмен айтқанда, «...Янукович өз билiгiн қолдан бердi ғой. Ол оппозиция айтқан талаптарының бәрiне келiстi: ол парламенттiң кезектi сайлауына келiстi, ол президенттiң зекеттен тыс сайлауына келiстi, ол оппозицияның талабы бойынша 2004 жылғы Конституцияға қайта оралуға келiстi».

Яғни, Украинадағы жағдайды ретлеу